

«Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрлігі  
Тауарлар мен көрсетілетін  
қызметтердің сапасы мен  
қауіпсіздігін бақылау  
комитеті» РММ төрағасының  
2019 ж. « 26 » шілденің  
№ N022707 бұйрығымен  
БЕКІТІЛГЕН

**Дәрілік затты медициналық қолдану  
жөніндегі нұсқаулық**

**Натрий хлориді**

**Саудалық атауы**

Натрий хлориді

**Халықаралық патенттелмеген атауы**

Жоқ

**Дәрілік түрі**

Инфузияға арналған ерітінді, 0.9% 100 мл, 200 мл, 250 мл, 400 мл, 500 мл

**Құрамы**

1 л препараттың құрамында  
белсенді зат – 9.0 г натрий хлориді  
қосымша зат – инъекцияға арналған су

**Сипаттамасы**

Түссіз мөлдір сұйықтық

**Фармакотерапиялық тобы**

Қан және қан түзу ағзалары. Қан алмастырғыштар және перфузиялық ерітінділер. Көктамыр ішіне енгізуге арналған ерітінділер. Су-электролит теңгеріміне әсер ететін ерітінділер. Электролиттер.

АТХ коды B05BB01

**Фармакологиялық қасиеттері**

*Фармакокинетикасы*

Натрий хлоридінің 0.9% ерітіндісі көктамыр ішіне енгізгенде қантамыр айналымынан жылдам шығарылады және интерстициальді секторға және жасушалар ішіне өтеді. Бір сағаттан кейін қантамырлар ішінде енгізілген ерітіндінің жартысына жуығы ғана қалады. Жартылай шығарылу кезеңі шамамен 1 сағатты құрайды. Өзгермеген күйде бүйрекпен шығарылады.

### *Фармакодинамикасы*

*Плазма алмастырғыш дәрі. Уытсыздандыратын және регидратациялық әсері бар. Натрий және хлор иондары қан плазмасының және жасушадан тыс сұйықтықтың тиісті осмотық қысымын ұстап тұрады. Препарат қан айналымындағы қан көлемі төмендегенде оны толықтырады, зат алмасу үдерістерін көтермелейді, бауырдың уыттануға қарсы функциясын жақсартады.*

### **Қолданылуы**

- тасымалдағыш немесе сұйылтқыш ерітінді ретінде ұнтақтардан, лиофилизаттардан және концентраттардан стерильді инфузиялық (инъекциялық) ерітінділерді дайындауда
- тері астына, бұлшықет ішіне, көктамыр ішіне және ректальді енгізу үшін стерильді ерітінділерді дайындауда
- жараны, көзді, мұрынның шырышты қабығын шаюда және таңу материалын ылғалдандыруда (сыртқа қолдану үшін)
- организмнің сусыздануында және уытсыздануында
- гипохлоремиялық алкалозда

### **Қолдану тәсілі және дозалары**

Көктамыр ішіне тамшылатып, тері астына, ректальді және сыртқа тағайындалады.

Орташа тәуліктік доза көктамыр ішіне тамшылатып инфузиялауда дене салмағы шамамен 70 кг пациентте минутына 180 тамшыға дейінгі жылдамдықпен енгізгенде (шамамен 550 мл/сағ) 1000 мл құрайды.

Организмнің елеулі сусыздануында және уыттануда (уытты диспепсия, тырысқақта) тәулігіне 3000 мл-ге дейін енгізуге болады.

Натрий хлоридінің изотониялық ерітіндісінің үлкен дозаларын ұзақ уақыт енгізу зертханалық зерттеулер бақылауымен жүргізілуі тиіс.

Балаларға шок дегидратациясы кезінде (зертхана параметрлерін анықтамай) 20-30 мл/кг енгізеді. Ары қарай дозалау режимін зертхана көрсеткіштеріне байланысты түзетеді.

Тері астына енгізгенде препарат көлемі 5 мл-ден бастап және одан көпті құрайды.

### **Жағымсыз әсерлері**

- хлоридті ацидоз
- гипергидратация
- гипокалиемия
- қан айналымының ауыр бұзылулары
- бас ауыруы, бас айналу, мазасыздық, әлсіздік
- тахикардия, артериялық гипертензия
- бүйрек функциясының бұзылуы
- ісінулер

## **Қолдануға болмайтын жағдайлар**

- бүйректің сыртқа шығару функциясының бұзылуы
- гипернатриемия
- кортикостероидтердің жоғары дозаларымен қатар емдеу
- ми мен өкпе ісінулері дамуымен қауіп төндіретін оралым бұзылулары
- өкпе ісінулері
- ми ісінулері
- сол жақ қарыншаның жедел жеткіліксіздігі
- тромбофлебиттер

## **Дәрілермен өзара әрекеттесуі**

Басқа дәрі-дәрмектермен: инфузиялық ерітінділермен, инфузия дайындауға арналған концентраттармен, инъекциялық ерітінділермен, ұнтақтармен, инъекция дайындауға арналған құрғақ заттармен араластырғанда үйлесімділігін көзбен көру арқылы бақылау қажет (химиялық немесе емдік үйлесімсіздік орын алуы мүмкін).

## **Айрықша нұсқаулар**

Инъекцияға арналған натрий хлоридінің 0.9% (изотониялық) ерітіндісі тек еріткіш ретінде пайдаланылуы мүмкін. Оның құрамында осмотық әсері бар заттар жоқ болғандықтан, оны өз бетінше енгізгенде гемолиз қаупі пайда болуы мүмкін.

Ерітінді стерильді және апирогенді болуы тиіс.

Егер ерітінді мөлдір болмаса немесе қаптамасы бүлінген болса, инфузия жүргізуге тыйым салынады.

### *Педиатриялық тәжірибеде қолдану*

Препаратты балаларға қолдану жөнінде шектеулер жоқ. Емшек ему жасындағы балаларды емдеген кезде су теңгерімін түзету үшін ғана қолданады.

### *Жүктілік және лактация*

Препаратты жүктілік және лактация кезеңдерінде қолдану жөнінде шектеулер жоқ. Бірақ препаратты жүктілік және бала емізу кезеңінде қолдану туралы деректер жеткіліксіз. Препаратты қолданар алдында әрбір жеке пациент үшін пайда мен қауіп арақатынасын мұқият бағалау керек.

### *Дәрілік заттың көлік құралдарын немесе қауіптілігі зор механизмдерді басқару қабілетіне әсер ету ерекшеліктері*

Автокөлік жүргізуге және жоғары зейін қоюды қажет ететін қауіптілігі зор қызмет түрлерімен шұғылдануға әсер етпейді.

## **Артық дозалануы**

*Симптомдары:* ісінулер, қатты тершеңдік, бұлшықет әлсіздігі, брадикардия немесе тахикардия.

*Емі:* препаратты тоқтату, симптоматикалық ем. Гипергидрация кезінде осмотық диуретиктермен ем жүргізу керек. Ауыр жүрек жеткіліксіздігі кезінде ісінулерді диализдің көмегімен кетіруге болады.

### **Шығарылу түрі және қаптамасы**

100, 200, 250, 400, 500 мл препараттан резеңке төсемесі бар полипропилен қақпақпен тығындалған және құтыға дәнекерленген ашуға арналған жұлып алынатын сақинасы бар қалпақшамен жабдықталған ұстатқыш ілмегі бар, 100 (көлемі 100 мл-ге арналған), 200, 250 (көлемі 200 және 250 мл-ге арналған), 400, 500 (көлемі 400 және 500 мл-ге арналған) бөліктерге бөлінген полипропиленнен жасалған құтыларда.

30, 40, 100 немесе 120 құтыдан медициналық қолдану жөніндегі мемлекеттік және орыс тілдеріндегі нұсқаулықпен бірге құтылар санына сәйкес мөлшерде топтық қорапқа салынған.

### **Сақтау шарттары**

Жарықтан қорғалған жерде, 25<sup>0</sup>С-ден аспайтын температурада сақтау керек. Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!

### **Сақтау мерзімі**

3 жыл

Препаратты жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды.

### **Дәріханалардан босатылу шарттары**

Рецепт арқылы

### **Өндіруші**

«Kelun-Kazpharm (Келун-Казфарм)» ЖШС, Қазақстан Республикасы

### **Тіркеу куәлігінің ұстаушысы**

«Kelun-Kazpharm (Келун-Казфарм)» ЖШС, Қазақстан Республикасы

**Қазақстан Республикасы аумағында тұтынушылардан дәрілік заттың сапасына қатысты шағымдарды (ұсыныстарды) қабылдайтын және дәрілік заттың тіркеуден кейінгі қауіпсіздігін қадағалауға жауапты ұйымның атауы, мекенжайы және байланыс деректері (телефон, факс, электронды пошта)**

«Kelun-Kazpharm» (Келун-Казфарм) ЖШС, Қазақстан Республикасы

Алматы облысы, Карасай ауданы, Елтай ауылдық округі, Көкөзек ауылы, 1147, 8 (727) 312-14-01; kelun\_reg@mail.ru